

«Қазақстан Республикасы резиденттігін растау»
мемлекеттік қызметін алу тәртібі туралы
жадынама

2018 жылғы «01» қаңтардан бастап «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының жеке тұлғалары – бейрезиденттерінің табыстарына салық салыну тиіс. Банк, салық агенті ретінде, Қазақстан республикасының бюджетіне кейіннен аудару үшін жинақтаушы шоттар бойынша есептелген сыйақыдан жеке табыс салығын ұстап қалуға міндетті.

Бейрезидент - ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген үздіксіз он екі айлық кезеңде 183 (бір жүз сексен үш) күнтізбелік күннен кем уақыт бойы (келу және кету күндерін қоса алғанда) Қазақстан Республикасында келіп кетіп жүрген шетел азаматы. Қазақстан Республикасының азаматтығы немесе Қазақстан Республикасында тұруға рұқсаты (**ықтиярхаты**) бар болса, бірақ төменде көрсетілген тармақтарының бірі бойынша сәйкестік жоқ болған кезде **Салық салу мақсатында бейрезидент** болып танылады (217-бап):

- жеке тұлғада Қазақстан Республикасының азаматтығы немесе Қазақстан Республикасында тұруға рұқсаты (**ықтиярхаты**) болса;
- жеке тұлғаның отбасы және (немесе) жақын туыстары Қазақстан Республикасында тұрса;
- жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында кез келген уақытта тұруы және (немесе) жұбайының және (немесе) жақын туыстарының тұруы үшін қолжетімді, жеке тұлғаға және (немесе) жұбайына және (немесе) жақын туыстарына меншік құқығында немесе өзге де негіздерде тиесілі жылжымайтын мүлкі бар болса.

Жеке тұлға-бейрезидент **Резиденттігін растау үшін** Банкке келесі құжаттарды ұсынуы қажет:

- 1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті беретін Салық салу мақсатында оны резидент ретінде тану туралы анықтама (бұдан әрі – Анықтама).
- 2) Кезеңді (анықтаманың әрекет ету мерзімі) көрсетумен Салықты төлеуден босатуға еркін түрде жазылған өтініш.

Тұлғаның резиденттігі Салық салу мақсатында Резидент танылу туралы анықтамасында көрсетілген әр күнтізбелік жыл үшін расталады

Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Алматы және Астана қалалары бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесі;
- 2) «Салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасы (бұдан әрі - Салық төлеушінің кабинеті) арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен қатар мемлекеттік қызмет «электрондық үкімет» веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – Портал) арқылы да көрсетіледі

Жұмыс кестесі:

Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.

Портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінде, жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жолыққан болса, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады).

Интернет-ресурстары: көрсетілетін қызметті берушінің: www.kgd.gov.kz,
Министрліктің: www.minfin.gov.kz.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі:

- 1) уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша резиденттігін растайтын құжатты беру;
- 2) қызмет берушінің мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуы туралы дәлелді жауабы болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды тапсырған күнінен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетулерді алуға жүгінген кезде қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

- 1) резиденттігін растау туралы салықтық өтініш;
- 2) резидент болып табылатын шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам жеке куәлігінің немесе паспортының Қазақстан Республикасында болу кезеңін растайтын құжаттың (визаның немесе өзге де құжаттардың) Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаттың (бар болса) нотариаттық куәландырылған көшірмелерін ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы порталға жүгінген кезде:

- 1) электронды құжат нысанындағы өтініш;
- 2) резидент болып табылатын шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам жеке куәлігінің немесе паспортының Қазақстан Республикасында болу кезеңін растайтын құжаттың (визаның немесе өзге де құжаттардың) Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаттың (бар болса) нотариаттық куәландырылған электронды көшірмелері;
- 3) ЭЦҚ міндетті түрде болуы қажет.

Сондай-ақ қосымша ақпаратты call-орталығының телефондары: 8-800-080-7777, 1414 арқылы және МКК сайтынан (<http://kgd.gov.kz/ru/content/podtverzhdnie-rezidentstva-republiki-kazahstan-1-0>) да алуға болады.

Памятка о порядке получения государственной услуги «Подтверждение резидентства Республики Казахстан»

С 01 января 2018 года доходы физических лиц–нерезидентов Республики Казахстан подлежат налогообложению согласно Кодексу Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый Кодекс)». Банк, как налоговый агент, обязан удерживать индивидуальный подоходный налог от начисленного вознаграждения по сберегательным счетам для последующего перечисления в бюджет Республики Казахстан.

Нерезидент – это иностранный гражданин, пребывающий в Республике Казахстан менее 183 (ста восьмидесяти трех) календарных дней (включая дни приезда и отъезда) в любом последовательном двенадцатимесячном периоде, оканчивающемся в текущем налоговом периоде.

При наличии гражданства Республики Казахстан или разрешения на проживание в Республике Казахстан (**вид на жительство**), но отсутствия соответствия по одному из нижеперечисленных пунктов, также признается **Нерезидентом в налоговых целях** (статья 217):

- физическое лицо имеет гражданство Республики Казахстан или разрешение на проживание в Республике Казахстан (**вид на жительство**);
- супруг(а) и (или) близкие родственники физического лица проживают в Республике Казахстан;
- наличие в Республике Казахстан недвижимого имущества, принадлежащего на праве собственности или на иных основаниях физическому лицу и (или) супругу(е) и (или) его близким родственникам, доступного в любое время для его проживания и (или) для проживания супруга(и) и (или) его близких родственников.

Для подтверждения Резидентства физическое лицо-нерезидент предоставляет в **Банк**:

- 1) Справку о признании его резидентом в налоговых целях (далее - Справка), которую выдает Комитет государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан.
- 2) Заявление в свободной форме на освобождение от уплаты налога с указанием периода (срок действия справки).

Резидентство лица подтверждается за каждый календарный год, указанный в Справке о признании Резидентом в налоговых целях.

Государственная услуга оказывается территориальными органами Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан по областям, городам Астана и Алматы (далее – услугодатель).

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляются:

- 1) услугодателем через канцелярию;
- 2) через веб-приложение «Кабинет налогоплательщика» (далее – Кабинет налогоплательщика).

Государственная услуга оказывается также посредством веб-портала электронного правительства: www.egov.kz (далее – Портал).

График работы:

Услугодателя – с понедельника по пятницу, с 9.00 до 18.30 часов с перерывом на обед с 13.00 до 14.30 часов, кроме выходных и праздничных дней согласно трудовому законодательству Республики Казахстан.

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляется с 9.00 часов до 17.30 часов с перерывом на обед с 13.00 часов до 14.30 часов.

Портала – круглосуточно, за исключением технических перерывов в связи с проведением ремонтных работ (при обращении услугополучателя после окончания рабочего времени, в выходные и праздничные дни, согласно трудовому законодательству Республики Казахстан, прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляется следующим рабочим днем).

Интернет-ресурсы услугодателя - www.kgd.gov.kz, Министерства - www.minfin.gov.kz.

Результатом оказываемой государственной услуги являются:

- 1) выдача документа, подтверждающего резидентство, по форме, установленной уполномоченным органом;
- 2) мотивированный ответ услугодателя об отказе в оказании государственной услуги.

Сроки оказания государственной услуги:

в течение 15 (пятнадцати) календарных дней со дня представления услугополучателем документов.

Перечень документов, необходимых для оказания государственной услуги:

При обращении к услугодателю:

- 1) налоговое заявление о подтверждении резидентства;
- 2) нотариально засвидетельствованные копии заграничного паспорта или удостоверения лица без гражданства, документа, подтверждающего период пребывания в Республике Казахстан (визы или иных документов), вида на жительство в Республике Казахстан (при его наличии) – иностранцами и лицами без гражданства, являющимися резидентами.

При обращении услугополучателя на портал:

- 1) заявление в форме электронного документа;
- 2) электронную копию нотариально засвидетельствованного заграничного паспорта или удостоверения лица без гражданства, документа, подтверждающего период пребывания в Республике Казахстан (визы или иных документов), вида на жительство в Республике Казахстан (при его наличии) – иностранцами и лицами без гражданства, являющимися резидентами;
- 3) обязательное наличие ЭЦП.

Дополнительная информация может быть также получена по телефонам call-центра 1414 и 8-800-080-7777, а также на сайте КГД (<http://kgd.gov.kz/ru/content/podtverzhdenie-rezidentstva-respubliki-kazahstan-1-0>)